


А 2006  
476к

Мұзафар Әлімбаев  
ХАТ

60 лет Победы  
Ұлы Отан  
в Великой  
согбсы  
Отечественной  
жеңісіне  
воине  
60 жыл











Мұзафар Әлімбаев

# ХАТ

 60 лет Победы  
Ұлы Отан  
в Великой  
соғысы  
Патриотической  
войне  
60 жыл



“Санат” баспасы  
Алматы 2005 ж.

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат  
және спорт министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінің  
бағдарламасы бойынша шығарылды

Әлімбаев М

Ә 55 Хат - Алматы: «Санат», 2005. - 232 бет

ISBN 9965-664-19-6

*Қазақстанның халық жазушы Мұсафар Әлімбаев Ұлы Отан соғысының қырғынын бастан кешкен майдангер ақын. Назарларыңызға ұсынылып отырған жыр жинағы сол сұрапыл жылдардағы сарбаз ерлігін, Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігін, азаматтық мінезін көркем тілмен өрнектейді. Бұл жырлар ақынның 1997 жылы шыққан екі томдығында жарияланған. Оқырман оның бір қатар тың туындаларына да ден қояды деп үміттенеміз.*

© 0503020600-07 8-05  
00 (05) - 05

ББК 63.3 (2) 622

© Әлімбаев М - 1997, 2005

ISBN 9965-664-19-6

© ЖШС «Санат» баспасы, 2005

Неше ықылым-замандардан бүгінге  
Жолдаған хат сыр сандықтың түбінде...  
Озған өмір, елдік, ерлік салтынан  
Хикая шерт, жүрегіңе үңіл де.

18.07.2004ж.

*Бірінші тарау*

## **СОЛДАТТАР ҰМЫТПАЙДЫ СҰРАПЫЛДЫ**

### **БАУЫРМАЛ БАТЫРЛЫҚ**

Майдан жайлы естелік!  
Ерте оралып, кеш келіп,  
Бір өшіп, бір жаңғырып,  
Мына мені таң қылып,  
Сарқылмайтын көлімсің,  
Таусылмайтын кенімсің!

...Гитлер бастап сойқанды,  
Дүние судай шайқалды.  
Ұйпай жаздап зілзала,  
Жерді басты мұң-нала...  
Қайнап біздің әділ кек.  
Әділ кекті жани кеп,  
Сұмдығынан дозақтың  
Сорлағанды азат қып,  
Күн қуаттас атағы  
Армандастар Отаны  
Туын тігіп Жеңістің  
Желпіндірді жер үстін!  
... Қанша мың-мың отандас,  
Соншама ерлік қатарлас!

Жанға тартар жақын ғып  
Бауырмалдық батырлық!  
Жеңістердің дүкені –  
Айқас шебі – алғы шеп.  
Ерліктердің үлкенін  
Алғы шептен табушы ек.  
Жер аспанға ұшқандай,  
Аспан жерді құшқандай  
Сұрапылдар тізбегі –  
Төрт жылғы сын іздері.  
Ордендер мен медальдар  
Иелерін іздеп жүр.  
Қайдасыңдар со жандар  
Отты кешкен бізбен бір

Жүрегіңнің жарасын  
Қалай ұмыта аласың?!

От топаны...қанды апат...  
Атой... Жеңіс... салтанат...  
Әлі күнге бәрі де,  
Ұмытылмас әлі де  
Фильм болып үнемі  
Түсімізге кіреді...

Жүрегіңнің жарасын  
Қалай ұмыта аласың:  
Қайтып кеп, дәм тата алмас  
Жиырма миллион отандас  
Тірілерге саралап  
Артқан ізгі аманат.  
– Болса Бүкіл Жер тыныш,  
Сонда,  
Туған ел тыныш!!!

...Жеңістердің дүкені –  
Айқас шебі – алғы шеп.  
Ерліктердің үлкенін  
Алғы шептен табушы ек.

Бүгін де алғы лектеміз,  
Бүгін де алғы шептеміз;  
Бүркетпейміз Күн көзін,  
Бейбіт аспан күмбезін!

## БІР КҮН КЕЙІН БІЛДІМ МЕН

Күйесі беттен кетпеген  
Түнгі жойқын ұрыстың,  
Тері әлі кеппеген  
Түнгі жойқын ұрыстың.

Таң алдында қалжырап,  
Жер кепеде отырдым.  
Пошташы әкеп берді хат  
Мен асыға оқыдым.

«Құттықтаймын, – депті аға, –  
Сені туған күніңмен!»  
...Толғанымды жиырмаға  
Бір күн кейін білдім мен.



## ЕР ӨЛМЕЙДІ

Мерт болы ер  
Жүзі оның күліп қапты,  
Туған жер ыстық қанын суытпапты.  
Ырғағын қағып алып жүрегінің  
Сағаты қолындағы жүріп жатты.

## МЕНІҢ ЖАСТЫҚ ЖЫЛДАРЫМ

Жеңіл ойды ауырлатты қатал күн,  
Жас болса да, тебіренбей жатар кім?  
Жас иыққа бар тағдыры Отанның  
Түсті келіп, мен де солдат атандым.  
Мен күрекпен жер бетіне том жаздым,  
Бір канал боп тартылардай ор қаздым.  
Сақылдаған сары аязда, жігіттер,  
Жауырыннан шып-шып ақты суық тер.  
Туған еді бізід анамыз балғын қып,  
Жорықтарда өкшемізді алдырдық.  
Төзбегенде шар болат, біз шыдадық  
Өзіміздің күшті сонда сынадық!  
Жер қойнында қалдырғанда досымды,  
Бір тал ақ шаш қара шашқа қосылды.  
Бір белгісін қалдырды да қатал күн,  
Он тоғызда ақ шаш солдат атандым!  
Қарт Берлинге жеткізгенше фрицті,  
Өткізіппін он тоғызды – жиырма үшті,  
Елдің мен бір – қарапайым баласы,  
Батырлардың көрер көзге қорашы,  
Төрт жыл бойы мойымаған жас солдат,  
Жеңіс күні кетті көзден жас парлап,  
Өз полкыммен қош айтысқан шағымда  
Он тоғыз жас тұрды самсап алдымда.

## ОН ЖӘНЕ БІР

Оқ астында бораған  
Қамажауда – қоршауда,  
Оқ астында он адам  
Тілеген жоқ жан сауға.

Суық шалған, күздегі  
Жапырақтай қалтырап  
Жаттан рақым іздеді,  
Он бірінші тантырап.

Бар дүние шықты естен,  
Бастап кетті сұм тілек,



Жан ұшыра белестен  
Сопаң етті су жүрек.  
Қуантқанмен дұшпаны,  
Қысатындай бауырға,  
Оның сыр деп құсқаны  
Жарытпады жауын да.  
Дәнін алып ішінен  
Лақтырғандай қауызын.  
Жиіркенді жау да түсінен:  
Жалғыз оқ... Өшті жалғыз үн...  
Қызыл тулы он адам  
Тілеген жоқ жан сауға,  
Оқ астында бораған  
Жарып шықты қоршаудан.

\*\*\*

Өмір сонша ала қолды болар ма?  
Біреу – тойда... миллиондар – боранда...

«Он сегізде... оңдырдым он сұлуды...» –  
Деп лепіріп тылда біреу жүрулі...

Он сегізде он танкіні қиратып,  
Отыр солдат он тал мұртын ширатып...

Өмір сонша ала қолды болар ма?  
Біреу – тойда... миллиондар – боранда...

### АНА СӘЛЕМІ

Аттандырды қарт ана  
Армияға кенжесін:  
– Үш ағаңа сәлем де,  
Мен үшін қам жемесін!  
Әжең әлі тың, – деп айт,  
Езбейді мұң еңсесін.  
Жеңістен бұрын өздерін  
Күтеді әжем демесін.  
Жұртпен бірге айтарым –  
Жауды жеңбей келмесін!

### СҮЙДІ ЕКЕН КІМДІ ЖҮРЕГІ

Перронда тұрдық сан солдат,  
Майданға күтіп команда.  
«Қайсысы батыр?» дегендей,  
Бір қара көз қадалды.

Біреу емес, бәрі де



Өңшең өрен ер еді.  
Білер ме еді сұлудың  
Сүйді екен кімді жүрегі?

### ТҮТІН

Поездан түстім асығып,  
Қарсы алды туыс, дос-жаран  
Жеңіспен қайтып оралдым,  
Ауылыма аңсаған?!

Дөң астында ауыл бар,  
Көп жыл бойы көрмеген.  
Көк түтінін көз шалды  
Будақтаған, көлбеген.

Аңсап келген колхозым –  
Арнасы еңбек құтының!  
«Жұпарынан» жат елдің  
Артық сенің түтінің.

### БАЗАРЛЫҚ

Төрт жыл аңсап сағынған  
Бауырым Алтай, бал бөбек,  
Қанат жайып, алдымнан  
Қарсы шықты еркелеп.


– Не базарлық маған сіз  
Әкелдіңіз, ағатай?  
– Окопсыз, өртсіз тұмансыз  
Әкелдім өмір, балақай!..

### ЕРІС МЕ

Көзіңе алмай тамшы жас,  
Қалып ең үзсіз перронда.  
Сүйе алмай кеткем сені рас,  
Ұялшақ ем-ау мен де онда.

Алыста қанды ұрыста  
Өкіндім талай оныма.  
Көзімді салсам шығысқа,  
Сен түсуші ең ойыма.

Алып-ұшып жүрегім,  
Ауылға келдім Берлиннен  
Тағы ұялар деп едім,  
Құшағымда көрдім мен.



Бетінді басып төсіме,  
Алдың бір көзге ыстық жас...  
Қуансаң жылау ерсі ме,  
Ешкім де сені сөге алмас?!

## ХАТТАРЫМ ҚАЙДА, ХАТТАРЫМ

Өзіңді аңсап ет жүрек  
Ішінде жалғыз аптаның,  
Жолдаушы ем сәлем жеті рет,  
Қайда екен со бір хаттарым?!

Үшкіл хат... (үшкіл мөрі де)  
Атүсті аптық жазылған.  
Онда бар ащы терім де,  
Жұғын бар окоп сазынан.

Хаттарым – өткен жолым ғой  
Елемей ауыр бейнетін,  
Жеңісте ғана болып ой  
Түнерген қабақ бейне түн.

Хаттарым – достар көңілде,  
Майдандас ерлер – өмірлес,  
Ол-олма, не бар бүкпелеп,  
Қапыда кетсең – өлімдес...

Хаттарым – айқас жекпе-жек,  
Қағазша жанған «Жолбарыс».  
Құтырған жауды өкшелеп,  
Қуған кез сонау жолда алыс.

Хаттарым – тұңғыш кеудеме  
Медалім таққан ұрыста...  
«Сарғайған хатты сен неге  
Сұрадың», – дедің дұрыс па?!

«Ақтарып көне архивті,  
Қайтесің?» – дейсің қарағым.  
Бәрінен маған артық та  
Күресте алған сабағым.

## СЕРЖАНТ СЕЗІМІ

Танкішілер танитындай жөргектен  
Сол сержантты сыйғызбайды жер-көкке:  
– Жігіт нағыз! Жүректінің көзсізі-ау!  
Айтар бұған қандай ғана ессіз дау!!!  
– Танкі ішінен от оранған шарқ ұрып,

Неше мәрте шықты күйіп, шарпылып!!!  
Кереметін өзіміздің көз көрген  
Қылтиғанды киып түсер көз мерген,  
– Бір Курскі иінінде, ол кемі  
Бес «тигрді» күйретті де өртеді...  
Танкішілер танитындай жөргектен  
Әбеновты сыйғызбайды жер-көкке.  
Білмейді ешкім, білмейді ешкім бірақ та,  
Не істейтінін оңашада – жырақта:  
Рациямен,  
Жан дегбірін кетірген  
Алматыны іздеп тауып эфирден  
Ән тыңдаса, елжіретіп-сезімін  
Мөлдіретіп ыстық жасын көзінің,  
Білмейді ешкім Әбеновтың бірақ та,  
Оңашада алатынын жылап та.

### ЖІПТІКТЕЙ ТҮТІН

*«Ойнап-күлген өз отының басында  
Дүниеде бақытты ғой, расында».  
(Солдаттар әңгімесінен)*

Жел қадалса, кім ық іздеп бұқпасын,  
Саңылауға сақтана бас сұқпасын?!  
Қар ұйтқиды бет-жүзіңді сабалап, –  
Траншея бола алмайды ықтасын...

Кеше де осы, бүгін де осы көрген күй –  
Қажырлы да қалай қабақ шытпасын?!  
Көп ішінде кім жоқ дейсің  
Бір бозым  
Жылт еткізді сары уайым сықпасын.

– Түс ауыпты, көрінбейді кухня,  
Старшина діңкемізді құртпасын.  
Бой жылытып, жан шақырып алар ек,  
Жүз грамнан сыбағаны жұтқасын...

...Қарып түсер оттан шыққан көсеудей,  
Затвордың сипап өтсең тұтқасын.  
Желің мынау... Ал аязға не дауа?  
Ән бойында он мың ине сұққансын?!

Маужыратып, манауратып бойды алды,  
Озбыр аяз, ұйқы – сойқан жұптасып,  
Үскірікте қалғып кету тым оңай.  
Ал ояну қиямет боп шықпасын?!



Жалын да – сын, суық та – сын болатқа.  
Осыны ұққан шамырқансын, ықпасын...  
Құрыстаған бойымызды жазып та,  
Жүгіріп-жүгіріп алар ме едік жазықта.

Сені бақпай, неміс кімді бағады?  
Тек қылт етсең, сенің басың – шалары...

Ефрейтор:

– Ей, тағатсыз ашқарақ!  
Төңіректі бір шолып қой баспалап,  
Фриц тамақ ішіп жатыр...

Тым-тырыс...

Көрінбей ме біздің жақтан асханаң!..

– Өне алыстан түтін шықты жіптіктей,  
О да бойды қыздыратын спирттей...

Отырғандай ошақ қазып, от жағып,  
Қиялдаймыз жылынды қақталып...

– Қорғаныста алыс отқа сұқтанып,  
Зарыққанша...

Атой салып төрт барып,

Бусанушы ем! – деп тістеніп қарт солдат  
Қалтасынан махоркасын шекті алып.

10

## ОЛ СӨЗДІ ЖОҚ ҚОЙ ҚАТЫСЫ

«Көзі кем...» деймін, кідірем,  
Өткенге оймен үңілем:  
Майдангер достар, қайтейін,  
Тиеді-ау бұл сөз біріңе.

«Шолаққол» десем, деп барып,  
Мүдіріп қалам тоқталып.  
Тиеді-ау тағы біріңе  
Қолыңды тағы оқ қарып.

«Шойнаңбай...» десем қапыда,  
Күлемін өзім-өзіме:  
Өз атын өзі шақырған  
Көкек боп кеткен кезің бе?

«Қорқақсың!..» десем шермеңде,  
Біреумен ойсыз шатысып.  
Майдандас достар, сендерге  
Бұл сөздің жоқ қой қатысы.



## ӘКЕ СУРЕТІ

Соқтырып жеңіс сағатын,  
Лап қойдық соңғы қамалға.  
Оққа ұшты досым – Саматым  
Қамалды бұзып аларда.

Суреті қанға бояулы –  
Айғағы еді көп сырдың.  
Досымның сыйын аяулы  
Жарына әкеп тапсырдым.

Суретке төрде ілінген  
Талпынып сәби қарайды.  
Оттан да ыстық мейірмен  
Әке де көзін қадайды.

Қарай-қарай суретке  
Келеді ұлы ер жетіп:  
Әке ерлігін бөбекке  
Айтады ана жыр етіп.

## МАЙДАНДАҒЫ ҚЫЗҒАЛДАҚ


Траншеяның алдында  
Көңілді тербеп, көзді арбап,  
Лаулаған қызыл жалындай  
Құлпырды бір шоқ қызғалдақ.

Түндегі жаңбыр шайған да,  
Қырмызы гүлді бойлатқан.  
Қызғалдақ мынау майданда  
Жауынгер жасты толғантқан.

Шықты да қарғып ұрадан,  
Еңбектеп жылжи жөнелді.  
Нарт қызыл гүлді ұнаған  
Аялап үзді ол енді.

Искеп гүлдің жұпарын  
Үлгермейтіндей асығып,  
Құшырлана кеп жұтады  
Көкірек-сарай ашылып.

Бұрылды жігіт жадырай,  
Қайтқалы әлгі орынға.  
Кірш етті бір оқ санына,  
Дір етті гүлі қолында.



Сырғыды сыңар жамбастап,  
Көгалды, жол сап, жапырып.  
өңінен қызыл қан қашқан,  
Қаңғыған оққа қапынып.

...Солдатым неге қысылды,  
Толқуға мұнша бола ма:  
Қызғалдақ шоғын ұсынды  
Медсестрамыз Соняға.

Жігітке тәнті көңілмен  
Қарайды ару ұрланып:  
Бақыт па мынау көрінген,  
Балқиды жүзі нұрланып:

Балағын көріп тілген оқ,  
– Бұның не деймін, – е, батыр!  
Зорлана досым күлген боп:  
– Оқасы жоқ қой! – деп жатыр.

I

12

Жабырқап, жапан түздей жан құлазып,  
Көзімнің көңіліне жаңбыры азық –  
Болды ма? Қайда жүрсің, қайда кеттің?  
Қалайша тағдырыма қалдым жазып?!

Жылда кеп ауылымды аралаймын,  
Ізінді іздеймін де, таба аламаймын,  
Шөккен нар-қарт әкеңнің алдында мен  
Жиырма жыл жазылмаған жарадаймын.

Сонау шал әл қалмаған аяғында,  
Сүйеніп тұр ғой үміт таяғына.  
Сол үміт жетелеген «сен тірі» деп,  
Әйтпесе қылжияр ед баяғы да.

II

Кішік ең деп тұратын «кешір мені»,  
Сен бізден шымыр едің көш ілгері.  
Сен де бір Әміре мен Иса едің-ау  
Жастардың сауық-сайран кешіндегі.

Серке едің серіктерге, зерек едің,  
Ұқсасам саған, мерей көрер едім.  
Өзгеден көп ішінде керек едің,  
Ерім деп, азамат деп елер елің.



### III

Уақыттың мойындамас құдіретін  
Сендер ғой тек тарихқа жүгінетін  
Айрылмас құшағынан он сегіздің  
Әлі тұр көз алдымда суретің.

Үйретіп өтті күндер құйындаған,  
Баяндау бәрін жырмен қиын маған.  
Бүкпейін мәймөңкелеп кейбіріңе  
Туған жер топырағы бұйырмаған.

### IV

Тоқтайын толғай бермей нала-мұңды,  
Жасқанбай қорғай білдік жаңа күнді.  
Әкенің баласы біз бола білдік,  
Әкелер бізге де әке бола білді!

### КОМАНДИРДІҢ ӘҢГІМЕСІНЕН

Алғашқы айқас – қауіп-қатер қанкешті,  
Тәуекелден тартынбайды жанкешті.  
Көзсіз ер де қоя алмайды ойламай  
Өлім... өмір... делінетін дауды ескі.

Бір күн қалған ұрысқа алғаш кіруге  
Түс көрдім мен сол бір күннің түнінде:  
...Кісі бойы қою батпақ... тар көше...  
Мүмкін емес аяқ алып жүруге.

Командир ем сол он тоғыз жасымда,  
Келеді екем ротамның басында:  
Қара тер боп қан сорпаға түсіппін,  
Соңымдағы лекке жолды ашуға.

Лайсаңды сол иықпен қырыңдап,  
Мұзжарғыштай іреп келем қыбырлап.  
Серіппедей тегеуріні батпақтың:  
Өту қиын... оңай екен жығылмақ.

Мен өткен соң батпақ қайта аңдамай,  
Жол қалады қаңсып қалған арнадай.  
Кейінгілер кең көсіліп келеді,  
Қол ұстасып, бір-біріне қарамай.

Алдымыз өр.. деміксем де жұлқынып,  
Алқынсам да бір жығылып, бір тұрып  
Дөң басына әзер шықтым ақыры,  
Жұққан лайдан ада болдым, сілкініп.

Шетінемей сапымыздан бір адам  
Жолдан өттік, сордан өттік дін аман.  
Уралаған жауынгерлер даусынан  
Оянып-ақ кеткені ғой бұл ағаң.

Ертесінде сол түсімді жырдай ғып.  
Жан достарға баяндадым шындай ғып.  
– Аман-есен оралады екенбіз,  
Жақсылыққа – түс көргенің мұндайлық, –

Деп қарт солдат жаутаң қағып жанары,  
Сәуегейдей сонда маған қарады.  
– Күні-түні бір саптамыз... түсінде  
Мен көзіңе түскем жоқ па, қарағым?!

...Алғашқы айқас – қауіп-қатер қанкешті,  
Тәуекелден тартынбайды жанкешті.  
Көзсіз ер де қоя алмайды ойламай  
Өлім... өмір делінетін дауды ескі.

### **БІЗ СОДАН ДА КӨРЕГЕНБІЗ**

– Неліктен дала ұланы  
Қысық көз болып туады?  
– Әділдік  
Шынға тоқтамақ:  
Өзіп-ақ дейік сөзіңіз.  
Қияға,  
Күнге көп қарап,  
Қысықтау бопты көзіміз.

Тастүлек қыран сияқты  
Көреген, сергек өсеміз.  
Қырынан көздеп қияқты  
Бір оқпен қиып түсеміз.

### **ЕСКІ ДОТ ПЕН ЭКСКАВАТОР**

Төбедегі жау ДОТ-ы  
Тиді біздің зықыға:  
Ажал сұмның жауды оты,  
Аласұра, құтыра.

Өмір жолын тұйықтап,  
Етегінде төбенің  
Жатар мәңгі ұйықтап  
Талай досым, өренім...

Көзге шыққан сүйелдей,  
Сәнін бұзған даланың

Со бір Дот-қа түгелдей  
Жұрт жирене қарады.

Бейбіт күннің жас бағы  
Атырапқа өң беріп,  
Төбелерден асқалы  
Қанат жайды дөң керіп.

Экскаватор тастады  
Ескі ДОТ-ты төңкеріп.  
Биіктеді аспаным,  
Жайылғандай жон кеңіп.

*Отан соғысында апат болған,  
Енді іздесем де таппас досым  
Ерғали Қалымжановқа*

\*\*\*

Екеуміз түйдей құрдас ек,  
Екеуміз сырлас, мұндас ек.  
Жұлдызды туған бала еді,  
Ақындай албырт жан еді  
Жаңа өмір сүйген жары еді,  
Отаны – адал ары еді...  
Құрдасым неге кешікті?  
Қаға ма біреу есікті?  
Қақпайды енді есікті,  
Мәңгілік досым кешікті.

\*\*\*

Жаңа ашылған жауқазын,  
Қапыда етті жау жазым.  
Көктемей жатып қиылды,  
Жат жерден топырақ бұйырды.


Қалыңдық қалды күйеусіз,  
Інісі қалды сүйеусіз...  
Аузынан шыққан соңғы арыз:  
– Мойныңда деген мол парыз!

Егіздей тату екеу ек,  
Гүл ексең жерге екеу ек.

### ӨТЕЛМЕГЕН ПАРЫЗ

Зал қара көлеңке. Тым-тырыс.  
Басталды картина Қызды ұрыс.  
Шаһардың денесін шарпыды от,  
Алаулап күнбатыс, күншығыс.





Кешегі айдыны көгілдір,  
Міне енді қанжоса Еділ бұл.  
Есер жау есінен алжасты:  
Еділден ету бір – өлім бір!

Тойтарды дұшпанын шын ерлер  
Жылжитпай бір адым шығысқа,  
Окопта шешулі шинельдер  
Онсыз да бой қызу ұрыста.

Жер тырнап үш жүз мың жасағы  
Ақ қарды кеудемен осады,  
Ақ жалау қалтырап аспанда,  
Фельдмаршал бетінен басады.

Жұлдызды батырлар тізбегі  
Жеңістен нұрланып жүздері  
Өтті алдан. Залдағы әр адам  
Көзге ыстық қимасын іздеді.

Баршамыз экранға төнеміз.  
Құштарлық билейді – көнеміз.  
Көп күбір ішінде нәзік үн:  
– Папамды қашан біз көреміз?

– Айналдым, ақылдым Төлешім!  
Неге жұрт көңілін бөлесің?  
Асықпа көресің, – деді ана, –  
Папанды кинодан көресің...

\*\*\*

Ол рас, Сталинград батырлары!  
Уақыт мұрша бермей жатыр әлі,  
Сендердің алдарыңда әлі күнге  
Парыздар жер үстінің ақындары.

## ТУСЫН ДЕСЕҢ ЖЫР АСЫЛ

*(Бауыржан батыр үйінде)*

Байырғы күннің бірінде  
Үйіне келдім батырдың.  
Отырдым шалқып төрінде  
Батырдың – жаны ақынның.

Еске алдық сонау жылдағы  
Дабылды күндер дауылын.  
...Жақсы аға бір кез сұрады:  
– Не жазып жүрсің, бауырым?

– Ақынның көп қой, әдетте,  
Жазғанынан жазары.  
Шыққанмен жиі газетке,  
Тындырғаным аз әлі.

Сайрағым келер шырқатып  
Жүз жүрекпен, жүз үнмен,  
Тереңнен тәтті нәр тартып,  
Тілдесіп тәтті жүзіммен.

Өлімнен өмір сауғалап,  
Ерлерге мәңгі сыйлайын.  
Қинаса мейлі қаумалап,  
Қиыннан қашып тұрмайын.

Ат қосар бәйгі сынауға  
Мұратым сондай бар менің  
Жалпақ жұртқа ұнауға  
Жетпей жүр, әттең, дәрменім.  
Сүрлеусіз ойдан сілкініп,  
Сөйлеп бір кетті Бауыржан:  
– Ортада қалама іркіліп,  
Ақындық заңы – ауыр заң.

Табайын десем төте жол,  
Тусыншы десең жыр асыл:  
Бабаңнан жүз жас үлкен бол,  
Балаңнан кіші – бір ғасыр.

## ДОСЫМНЫҢ ҰЛЫН КӨРГЕНДЕ

*(Кәкен ұлы Ерікке)*

Бір үзім нанды қақ бөлген,  
Бір ұрттам суды бірге ішкен,  
Мінезі, ойы шақ келген,  
Жастайынан бірге өскен,  
Бар еді менің құрдасым.  
Көптен бірге көрмеген  
Төрт жылғы дауыл-бұрқасын  
Көруге ерік бермеген.  
Сағындым қоңыр дауысын,  
Сағындым ойлы сөздерін,  
Сағындым жұмсақ қол ұшын,  
Сағындым өжет көздерін.  
...Оралдым туған қалаға,  
Беттедім достың үйіне,  
Кез болып сыртта балаға  
Қалыппын қарап үңіле.  
Таныдым айтпай, елжіреп.



Бастым ыстық кеудеме.  
(Досымның өзін көрдім деп  
Айта алмаймын мен неге?!)  
Айнымаған әкеңнен,  
Айналайын өзіңнен.  
Алдыма қайта әкелген  
Достық, жастық кезіммен!

\*\*\*

Іздеме соғыс ізін жер бетінен,  
Уақыт өтпес болар өз бетімен.  
Орнында окоптардың, ұралардың  
Егін, гүл... бүгін көрсең тербетілген.

Ол ізді ізде, Әнеш, ақ шаштардан,  
Адамның әжім сызған келбетінен.  
Ол ізді іздегейсің ескі салттан:  
«Ежелден ез күйреген, ер бекінген».

### ЖЕР МЕН ЕРДІҢ ЖАРАСЫ

Туған жер төсіне басып ер кеудесін.  
Лақтырып тастапты қан қатқан жейдесін.  
Реңдес, бір өңдес арқа мен атырап,  
Күп-күрең жауырын, күп-күрең топырақ.

Жауынгер арқасы тыртықтан шұп-шұбар,  
Шұп-шұбар оқтан жер, сау нүкте жоқ шығар.  
Оқ ізін қарап көр, санап көр, именбе:  
Жерге көп тиген бе, ерге көп тиген бе?!

### МЕНИҢ ЕКІ ҚАТЕМ

Комиссар боп жиырма жасар кезімде,  
Мен осыған көз жеткіздім өзім де.  
Ақ сақалды әкеммен де жастылар,  
Қол астымда өзіммен де жасты бар.  
Үміт арта үлкенге де кішіге,  
Үңіліп те бақтым әркім ішіне.

Бір солдатым – қутындаған Құрбанов  
Жаны кіріп, жайнап жүзі нұрланып,  
Митингіде суырылып сөйлейтін,  
Сөз тимесе, сөйлемесе – шөлдейтін.

Түйдек-түйдек, кесек-кесек сөздері  
Өршеленер ұйытқандай өзгені.  
Қайдам? Қалай? – бұрып соған бүйрегім  
Сенім еді сонда ішіме түйгенім...

Бір солдатым көзге қораш Асыллов –  
Бітеу жаңғақ, көрген емес ашылып.  
Аузына сақ, сөзін тұтар пұлындай,  
Қоржын аумас, жүрер селсоқ, құбылмай.

Тайқақтар ма тар жол, тайғақ асуда  
Отқа түссе – шыңдалар ма, жасыр ма?!  
Біле алмадым... Бұрылмады бүйрегім  
Күңгірт, бұлдыр күдік еді түйгенім...

Өлі күнге өз-өзімнен қайранмын:  
Босағасын аттамай-ақ майданның.  
Құрбановым жүрген тірек-тіреу деп,  
Ауыстырып кеткендей ед біреу кеп.

Көрмей жатып көзі тірі фрицті,  
Көрмей жатып үрей алар ұрысты,  
Сал төсекте сары ауруға ұсаған  
Оқыс сәтте өліп қалды құсадан.  
Әттегене, кейін білдім бұл келті,  
Өзге түгіл, ол өзіне сенбепті...

Асылловым ойламаған тіреу деп  
Ауыстырып кеткендей ед, біреу кеп.  
Бір-ақ күнде бізге өзін сыйлы етті:  
Жалғыз өзі үш танкты күйретті!

Оралған соң өлімді де өлтіріп,  
Осы күні аулыңда жүр ол тірі!  
Болсамдағы үш балаға әке енді,  
Кешіре алман сондағы екі қатемді...

## ӘТТЕҢ

Асығады албырт жүрек өрекіп,  
Ер тояттар егес сәтін керек қып.  
Алда майдан. Эшелонда келеміз.  
Жанымызға кек малтасын қорек қып.

Аялдама. Міне, станция Жосалы.  
Аңызғақ жел шарпып беттен осады.  
Қайран менің қоңыр салқын Ертісім,  
Мұнда маған құшағын кім ашады?

Мен есікте тұрған едім жабырқап,  
Сырдың сортаң топырағына таңырқап.  
– Кел, қарағым, жерге түс те, шұбат іш,  
Келдіңдер ғой шалғай жақтан шаңырқап.



Деген үнге жалт бұрылып қарасам,  
Өң бе, түс пе – міне қызық тамаша.  
Қарсы алдымда көп жеңгемнің біріндей  
Бір әйел тұр бидай өңді аласа.

– Ертайымнан аумады екен жанарың,  
Кел, бетіңнен сүйейінші, қарағым, –  
Деді де әлгі жеңгей мені бас салды,  
Қабағында қатпарланып нала-мұң.

– Ертай деген қайным еді, қарағым,  
Үзіп алдық қан майданнан хабарын...–  
Жаулығымен көзін сұртті кемсеңдеп,  
Ұмытып та кетті бермек шалабын.

Бір нәзік қол маған шара ұсынды,  
Сіміріп сап, салқын шұбат-сусынды,  
Бас көтерсем, қатарымда бір қыз тұр  
Кім көріпті Қыз Жібекті бұл сынды.

Неткен сымбат, неткен мүсін келіскен,  
Айдың әрін, күннің көркін бөліскен...  
Қатар қойып салыстырсаң сол қызбен  
Пері болып шығар еді періштең.

Жоғын қайын сіңлісінің теңдесі  
Біледі ғой діңкең құрғыр жеңгесі.  
Арамызға тұрып алды тікендей  
Тұрып алды бардай-ақ бір менде өші.

Жаралғандай нұрдан ғана құйылып,  
Қыздың көзі жаутаңдайды қиылып...  
Қарай алмай, жолай алмай аруға,  
Кете бардым әдеп сақтап, тыйылып.

Кеш ұқтым ғой өкініштің зарлы әнін,  
Іште кетті-ау, өшіп кетті-ау арманым.  
«Аумады деп менің қарындасымнан», –  
Өттең, неге сүйіп-сүйіп алмадым.

## ШЕРУ

(Құрдасым Тахауға)

Жорық-сын жолға шақырып,  
Бізге де жеткен кез еді...  
Бес қару жерге батырып,  
Еңсені жаншып езеді.